





Етістік

АЙТКОЖИНА ШОЛПАН КАИРКЕШЕВНА

*Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,
№ 14 Жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Педагогтің аты-жөні		Айткожина Шолпан Каиркешевна	
Күні:			
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы		Етістік	
Оқубағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		2.1.2.1 - мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау	
Сабақтың барысы.			
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Басы	<p>Жаңа топ құру</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте.</p> <p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ✚ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ✚ Уақытты үнемдейміз! ✚ Нақты, дәл жауап береміз! ✚ Сабақта өзіміздің шапшандығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ✚ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! <p>Ой шақыру (ұжымда)</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген тапқартарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару. Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.</p>	 <p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>

	Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау		
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы.</p>  <p>Оқушыларға сұрақтар қойылады: Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) Заттардың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздерді етістік дейміз. Етістіктерге не істеді? қайтті? не қылды? деген сұрақтар қойылады: өсті, ойнады, сайрады.</p> <p><u>Дескриптор:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. ➤ Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. ➤ Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. <p><u>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</u></p> <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	 <p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>

<p>Соңы</p>	<p>тапсырмаларын орындау Мәтінді негізгі сөздің мағынасына қарай етістік қойып оқы. Көктем Жер Күн ..., найзағай Құстар жылы жақтан • Көктемде болатын құбылыстардың реттілігін көрсетіп тұрған етістіктерді ата. Мәтінге қандай сұрақ қоюға болады? Бұл мәтіннің қай түрі? «Ойлан, Жұптас, Пікірлес»</p>	<p>Оқулықтағы қосымша тапсырмалар .</p>	<p><u>ҚБ:</u> <u>Бағдарш</u> <u>ам</u> <u>көздері</u> <u>арқылы</u> <u>бір-бірін</u> <u>бағалау</u></p>						
<p>Кері байланыс</p>	<p>4-жаттығу Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз. БББ кестесі</p> <table border="1" data-bbox="550 1171 1002 1429"> <thead> <tr> <th>Білгенім</th> <th>Білдім</th> <th>Білгім келеді</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқушыларға «Ашық микрофон» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</p> <div data-bbox="571 1783 1091 1910" style="border: 1px solid black; padding: 5px;">  <p>Рефлексия «Ашық микрофон» әдісі</p> <p>Сабақтан қандай әсер алдыңдар? Сабақта өзіңе не ұнады?</p> </div>	Білгенім	Білдім	Білгім келеді				<p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.</p>	<p>«Ашық микро фон»</p>
Білгенім	Білдім	Білгім келеді							

«ҚАРЛЫҒАШ ПЕН ДӘУІТ» ертегісі

ЭЗДЖАНОВА КАТИРА ОТУЗБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
«№12 «Рахат» бөбекжайы жедел басқару
құқығындағы МКҚК-ның тәрбиешісі*



Білім беру саласы: Қатынас




ҰОҚ Көркем әдебиет

ҰОҚ мақсаты: Ертегі мазмұнын эмоционалды қабылдайды, мазмұнның жүйелілігін сақтай отырып ертегіні сахналайды.
Ертегі кейіпкерлерінің мінезін сипаттайды.

Күтілетін нәтиже: Театрландырылған қойылымды дайындау барысында ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет ете алады.

Уақыты: ҰОҚ Жоспарын жүзеге асыру уақыты 1.Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. Слайд 1 мин Аудио таспа	20 мин ҰОҚ жоспары -Сәлеметсіздер ме,балалар! Балалар бүгін топқа көптеген қонақтар келіп отыр.Қане,қонақтармен амандасайықшы,ол үшін біз шаттық шеңберіне тұрайық. Шаттық шеңбері Қайырлы таң Күннің көзі ашылсын, Көкке шуақ шашылсын Құтты қонақ келіпті Төрімізге еніпті Ал, қанекей бәріміз Сәлем дейік үлкенге Сәлеметсіздер ме, апайлар! -Балалар,қазір	Ресурстар Үнтаспа Слайд Қасық театры, қуыршақ театры Шаттық шеңберіне тұрып, қонақтармен амандасады. -Күз мезгілі -Үш ай бар.Қыркүйек,қазан,қараша. -Күн суытады,жаңбыр жауады,құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
---	--	--

<p>Топтасу 1 мин</p>	<p>жылдың қай мезгілі? -Күз мезгіліне неше ай жатады? -Күз айларында ауа-райы қандай болады? - Балалар,қолдарымызға таратылған суреттер арқылы 2 топқа бөлінеміз.</p>	<p>Қарлығаш, дәуіт тобы</p>  <p>-Тамаша. -Қарлығаш</p>
<p>Слайд 1 мин</p> <p>Миға шабул Ашық сұрақтар Айтылым,тыңдалым</p>	<p>-Балалар,бүгінгі көңіл күйлерің қандай? -Бүгінгі тамаш көңіл-күймен бүгінгі ашық оқу қызметімізді бастаймыз. Қарлығаш туралы слайд көрсету.</p>	<p>-Қарлығаш айыр құйрықты, қанаттары ұзын,дене бітімі ерекше құс. -«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»», «Қарлығаш пен дәуіт» -Ұнады. -Жардың басына</p>
<p>Аудио таспа</p> <p>Миға шабул Ашық сұрақтар Айтылым,тыңдалым</p>	<p>Ширату: -Балалар слайдтан қандай құсты көрдіңдер? -Қарлығаш қандай құс? -Қарлығаш туралы қандай ертегілерді білесіңдер? - Жарайсыңдар,балалар! -Олай болса аудиотаспадан</p>	<p>-Балапандарды жеуге -Көкек,қарға -Жоқ көмек көрсете алмады -Дәуітті -Қарлығаштың балапандарын құтқарып қалды. -Қарлығаш дәуіттің ерлігіне риза болып,екеуі айырылмастай дос болды.</p>
<p>Негізгі бөлім</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>Бақылау:тікелей,жалпылама</p> <p>Бала үні,4К: командаламен жұмыс</p> <p>Саралау: мазмұн арқылы</p> <p>Кері байланыс</p>	<p>«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін мұқият тыңдайық. -Балалар ертегі сендерге ұнады ма? -Қарлығаштың ұясы қайда орналасқан екен?</p>	

<p>Сергіту сәті</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>ҰОҚ қортындысы</p>	<p>-Жылан не үшін келді? -Қарлығаш бірінші нелерден көмек сұрады? -Олар көмек көрсетті ме? -Қарлығаш ұшып келе жатып нені кездестіреді? -Дәуіт қандай іс жасады? -Қарлығаш дәуіттің ерлігіне риза болды ма? -Жарайсыңдар балалар! -Ертегінің мазмұны түсінікті болса,ертегіні рөлге бөліп ойнайық. -«Қарлығаш»тобы қасық театры арқылы рөлге бөліп ойнайды. -«Дәуіт»тобы қуыршақ театры арқылы рөлге бөліп ойнайды. Екі топ бірі-біріне кері байланыс береді. «Дәуіт»тобы «Бас бармақ»әдісімен бағалайды. «Қарлығаш»тобы «Көңілді смайликтер»әдісімен бағалайды. -Балалар бойымызды жазу үшін сергіту сәтіне кезек берейік «Қарлығаш әні»</p>	  
--	--	---

	<p>«Досымның жүрегі» Шарты: досына жақсы тілек айтып жүрекшені ұсынады.</p> <p>- Жарайсыңдар, балалар! -Бүгінгі ашық оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар. -Мен сендерге ризамын, қуаныштымын. -Мен сендерді «Жарайсың балақай!» атты көңілді қоянмен марапаттаймын. Келген қонақтармен қоштасайық. Сау болыңыздар</p>	
--	--	--

Қызықты математика

ОРУНХАНОВА ГУЛШАТ ДЖУМАХАНОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
«№12 «Рахат» бөбекжайы жедел басқару
құқығындағы МКҚК-ның тәрбиешісі*

Мақсаты: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білу. Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамыту.

Күтілетін нәтижелері: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білді.

.Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамытты.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көрсету, таныстыру, сұрақ жауап

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
ҰОҚ басталуы	<p>Жылулық шеңбер Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде</p> <p>Күлімдейік біз де Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауаны салайық Жүрек жұлуын салайық Енді бәрін қонақтарға сыйлайық</p>	
ҰОҚ негізгі бөлімі	<p>Музыка ойналады топқа үрленген шар ұшып келеді ішінде хат болады. Шарды жарып хатты оқи бастағанда музыка ойналып экраннан аю сөйлейді. Аю: сәлем достар сәлем балалар мен сендерге хат жолдаған себебім менің Маша досым орманда адасып қалды соны таба алмай жүрмін соны табуға көмектесіңдерші. Аю: балалар сендерде орманға барам деп жолдан адасып қалмаңдар сендер алдымен орманға бармас бұрын картадан</p>	<p>Слайд</p> <p>Слайд</p>

жолды көріп алындар
Аю: Таулардың аржағында
Орманың аржағында
Сандықша бар
Іші тола ғажайыпқа
Сол сандықшада маша досым тығылып
отыр соны маған әкеп беріңдер.
Аю: орманға бару үшін жол өте алыс
орманға паровозбен бару керек.
Балаларды паровозға отырғызу үшін
қалталы тақтайшадан әр түрлі пішіндерді
алғызып сол пішіндер арқылы паровозға
отырғызады.
Балаларға орманға келгендерін айтып
онда көптеген тапсырмалар
орындайтындарын айтады.
Тақтадағы үш құлыпқа назарларын
аудартып құлыптың кілтін ашу арқылы
тапсырманы орындайтынын айтады. Сол
кезде экраннан төртбұрыш сөйлейді
балаларға түсіндіріп құлыптың кілті
екенін түсіндіріп бірінші тапсырманың
ашылғанын айтады.

1-Тапсырма

Топтық жұмыс

Триз әдістемесін қолдана отырып
пішіндерге ұқсас суреттерді тауып
қыстыру.

Пішіндер туралы тақпақтар сұрау.
Экраннан шеңбер сөйлейді шеңбермен
таныстырып екінші құлыптың кілті
екенін айтып екінші тапсырманың
берілгенін айтады.

2-Тапсырма


Жеке жұмыс

Тәрелкедегі жемістер мен көкөністерді
санау арқылы сандарды тура тауып
құрастыру

Балаларға 1-10ға дейін санату және
орысша ағылшын тілде санату арқылы
білімдерін толықтыру.



Слайд



	<p>Экраннан үшбұрыш сөйлейді үшбұрыш пішінмен таныстырып үшінші құлыптың кілті екенін айтып үшінші тапсырманың берілгенін айтады.</p> <p>3-Тапсырма Тәрелкедегі түрлі макарондардан бау өткізу арқылы балаларға санатып түстерін тауып, монтессори әдістемесі арқылы қол маторикасын дамыту.</p> <p>Ғажайып сәт: Орманда үлкен қорап тұрады ішінен Маша шығады Маша: сәлем достар мен орманда ойнап жүріп мына үлкен қорапқа қамалып қалдым рахмет сендерге мені құтқарғандарыңа менім ішім қатты пысты меніммен ойын ойнайсындарма</p> <p>Сергіту сәті Музыка ырғағымен қимылды жаттығулар жасату.</p> <p>Ойын «Өз орныңды тап» Ал қане балалар өздерінің тұрған пішіндеріңді қолдарыңа алып сол пішіндер арқылы паровоздарына отырайық тобымызға қайтайық. Пішіндер арқылы паровозға отырады. Балалар біз аюға Маша досын қайтарайық Машаны аюға жібереді</p>	
<p>ҰОҚ қорытындылау</p>	<p>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Қане балалар біз кімге көмектестік? Машаны қайдан таптық? Біз қандай тапсырмаларды орындадық? Жарайсындар балалар! мақтап мадақтау</p>	

Балалардың тіл кемістігінің түрлері және оны түзету жолдары

СУЛЕЙМЕНОВА УРЗАДА ЕЛЖАНҚЫЗЫ

Алматы қаласы Әуезов ауданы

«№52 балабақшасы» МКҚК

Дефектолог - Логопед

Логопедия дегеніміз - сөйлеу тілінің кемістіктерін, оның бұзылу себептерін, болдырмау жолдарын, сонымен бірге осындай кемістіктерді әртүрлі жолдармен түзетіп жоюдың тәсілдерін зерттейтін арнайы педагогикалық ғылым.

Логопедия пәні сөйлеу тілінің бұзылуы және сөйлеу тіл кемістігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үрдісі болып табылады.

Логопедия жалпы және арнайы психологиямен, психодиагностикамен тығыз байланысты. Логопед баланың психикалық дамуының заңдылығын және ерте жастағы баланы психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдермен тексеруді пайдалана білуі керек. Осы тәсілдерді қолдана отырып, әр түрлі тіл кемістіктерінің түрлерін, зиятты бұзылыстар, эмоционалды және мінез-құлықтағы бұзылыстар салдарынан пайда болған сөйлеу тілі кемістіктерін ажыратуға болады.

Психологияны білу логопедке тек сөйлеу тілі бұзылыстарын ғана байқап қоймай, бәрінен бұрын баланың өзін, оның сөйлеу тілінің бұзылыстары мен жалпы психикасының дамуының ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік береді. Бұл білім әртүрлі жастағы балалармен қарым-қатынасқа түсуге, олардың сөйлеу тілін, қабылдауын, есін, зейінін, ой-өрісін, жігер-ерік аймағын тексеруге арналған дұрыс тәсілдерін таңдауға және тиімді логопедиялық жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Тіл кемістіктерінің себебі сыртқы және ішкі зиянды күштері, себептері (факторлары) немесе екеуінің бірдей организмге әсер етуі деп түсінеміз. Сөйлеу тілін меңгеру әр балада әр түрлі кезеңде және әр түрлі уақытта өтеді. Бұл әр түрлі себептерге байланысты жеке үдіріс. Сөйлеу тілінің дамуының кешеуілденің себептері: жүктіліктің кезіндегі және туған кезіндегі патология, генетикалық себептердің ықпалы, есту мүшесінің зақымдануы, баланың психикалық дамуындағы жалпы артта қалуы, әлеуметтік депривацияның себептері

Логопедия ғылымында осы уақытқа дейін шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі жүйелі ғылыми тұрғыдан тіл кемістіктерін топтастыру болып табылады. Оған бөгет болатын жағдайлар, өбіріншіден тіл кемістіктерінің көптеген түрлерінің кездесуі және олардың нағыз күйінде кездеспей, күрделі түрде кездесуі.

Осының бәрі тіл кемістіктерін ғылым жүзінде дәлелдеп топтастыруды қиындатады. Бұның қиындығы сол, егер тіл кемістігінің бір түрі бірнеше себептердің салдарынан болса, тіл кемістігінің бірнеше түрі пайда болуы мүмкін. Сонда тіл кемістіктері жеке түрде немесе басқа тіл кемістіктерімен қисындасып, тіркесіп кездесуі мүмкін. Соған байланысты олар логопедияда өзіндік белгілеріне байланысты белгілі терминдермен нақты белгілінеді. Сөйлеу тілінің бұзылу түрлері мынадай:

- Дислалия – есту қабілеті мен сөйлеу мүшелерінің инвервациясы дұрыс сақталғанда кездесетін тілдік дыбыстардың бұзылып айтылуы. Синонимдері: тіл мүкістігі, тіл дыбыстарын айту кемістігі, фонетикалық кемістік.

- Ринология – сөйлеу мүшелерінің анатомиялық–функционалдық кемістіктерінің салдарынан дауыс әуезділігінің, тембрінің, дыбыстардың айтылуының бұзылуы. Синонимдері мұрынмен сөйлеу.

- Дизартрия – жүйке тамырларының сөйлеу мүшелерінің жұмысын толық қамтамасыз ете алмауына байланысты сөйлеу қабілетінің бұзылуы. Дизартрияның ауыр түрі анартрия деп аталады. Ондай жағдайда адам дыбыс айту мүмкіншілігінен айрылады.

- Тұтықпа – сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерінің тартылу салдарынан сөйлеудің ырғақтығының, жылдамдығының бұзылуы. Синонимдері: логоневроз.

- Алалия – бас ми қабығындағы тіл аймақтары (зоначының) жастайынан зақымдануының әсерінен балада сөйлеу тілінің жетілмеуі немесе мүлдем дамымауы. Синонимі: мылқау.

- Афазия – бұл сөйлеу тілінің толық немесе жартылай жоғалуы, жойылуы. Ми қорабының жарақаттануы, нейроинфекция, мидағы ісіктің салдарынан адамның сөйлеу қабілетінен айырылуы.

- Брадилалия – сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс баяулауы. Тахилалия – сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс жылдам болуы.

- Дисфония – дауыс шығару мүшелерінің (күші, биіктігі, тембрі) қалыптан тыс өзгеру себептерінен дауыстың жартылай бұзылуы. Афония – дауыстың толықтай жойылуы.

- Дислексия – оқу процесінің жартылай бұзылуы. Алексия – оқу процесінің мүлдем қалыптаспауы.

- Дисграфия – жазу процесінің жартылай бұзылуы. Аграфия – жазу процесінің мүлдем қалыптаспауы.

- Жалпы тіл кемістігі – есту қабілеті мен ой–өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын күрделі тіл кемістіктері. ЖТК үш деңгейі бар (1-2-3).

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия, афазия, ринология, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологиялардың түрлерінде де байқалады

.Баланың сөйлеу тілінің бұзылуын анықтап, зерттеп отырып онымен түзету –тәрбие жұмысы жүргізген дұрыс.Дәл уақытында қолайлы жағдай жасай отырып баланың тілінің дұрыс дамуына бағыт берген жөн.

Баланың тамаша сезімімнің дамуын тек қана дыбыс үндестігін айтуды пайдалана білуімен шектестіріп қоймай, оны мәнерлі сөйлеуге үйретіп отырған жөн.Тіл кемістігі көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі. Тіл кемістігін уақытында жоймаса, ол барған сайын ұлғайып, нығаяды да баланың дұрыс сөйлеуіне кесірін тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде сөйлеу тілі өте –мөте қарқынды дамиды.Бала 2 жастан бастап енжар және белсенді сөздіктерді тез жинайды, дыбыстарды айтуды және грамматикалық құрылымдағы сөйлемдерде меңгереді.

- 2 жасында -300-400
- 3 жасында -1000-1500
- 4 жасында -1600-1800
- 5 жасында-2000-2300
- 6 жасында-3000-3500 дейін сөздік қоры болады.

Бала дүниеге келісімен оны көптеген дыбыстар қоршайды. Олар ән – әуендер, құстардың дыбысы, иттің үруі, ыдыстың салдыры, адамдардың сөйлеуі. Бала түрлі дыбыстарды естісе де ең бастысы сөйлеу тілі қарым-қатынас үшін қажет.

Сөздерді түсініп айтуы үшін бала интонацияға мән береді. Егер балаға сүйсіне қарап, жылы сөздер айтсақ, ол сөздерге мән беріп күлімсірейді. Егер айғайлап, қатты сөйлесек бала қорқады, ренжиді. Біртіндеп бала сөздерді тындап, салыстырып, оларды қайталауға тырысады, сөздердің дыбыстық құрамына көңіл бөле бастайды, дыбыстарды қайталап, ойнайды.

Кейбір кезеңдерде бала үндемейді, дұрыс сөйлемейді. Бұл жағдайда ата-аналар әртүрлі көзқараспен қарайды. Бала сәби кезден бастап ана тілінде еркін сөйлей бастауға дағдыланады. Ал тіл мүкістігі бар бала еркін сөйлей алмай, айналамен қарым-қатынаста көптеген қиыншылықтарға кез келеді. Тіл мүкістігін түзету қазіргі таңда ең үлкен мәселе болып отыр. Оның пайда болу себептері әртүрлі. Егер тіл кемістігін уақытында мектепке дейін түземесе, баланың айналамен қарым-қатынасы қиынға түседі. Көп жылдық тәжірибе бойынша мектепке дейінгі тіл кемістігі бар баламен күнделікті тұрақты жұмыс жасалса, сөйлеу тілінің жақсаратыны дәлілденген. Сондықтан дер кезінде логопедиялық көмек көрсету қажет.

Сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегідей сипатталады:

1. өз бетінше пайда болады, жоғалмайды, қайта бекиді.
2. сөйлеушінің жас мөлшеріне сәйкес келмейді.
3. баланың одан әрі дамуына жағымсыз әсер тигізеді.
4. тіл білмейтіндік – диалектизм тіл кемістігі болып саналмайды.

Дыбыстарды дұрыс, анық айту үшін алдымен түрлі дайындық жұмыстары, артикуляциялық жаттығулар, ауа ағымын дұрыс шығару үшін арнайы жаттығулар орындалады. Дыбысты дұрыс айтқызғаннан кейін, дыбыстың айтылу артикуляциясы еске түсіріледі. Дыбысты бекіту жұмыстары сөздер, сөйлемдер, өлең жолдары, мақал – мәтелдер, шағын әңгімелер қолдану арқылы жүргізіледі.

Жүргізілетін жұмыстар барысында артикуляциялық жаттығулар арқылы балалардың тілдерінің, еріндерінің қимылдары жетіледі, ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтып үйренеді. Сөздік қоры толығып, байланыстырып сөйлейді. Сондықтан жоғарыда айтылған жұмыс түрлерін мектепке дейінгі 4 – 7 жас аралығындағы балалармен жүйелі түрде жүргізіп отырған жағдайда ғана тіл мүкістігін түзетуге болады

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

АБДЫХАЛЫКОВА АРДАК ХАНАЯТОВНА
Жетісу облысы Панфилов ауданы Жаркент қаласы
«Жамбыл атындағы орта мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы.

Тәуелсіз Қазақстанның ел басқарушысы Нұрсұлтан Әбішұлының кезекті Жолдауында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, дамыту және жетілдіру мәселелері сөз болғаны баршамызға мәлім.

Сондай-ақ, Елбасы: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет.» дегенді шегелеп тұрып тапсырған еді. Сондықтан ұстаздардың тәжірибесінде мынадай мәселе тууы мүмкін: оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай болмауы.

Осы проблеманы шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет.

Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары:

- түсіндіру әдісі – бұл әдіске ауызша баяндау - түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, дәріс түрлері жатады.

- кітаппен жұмыс істеу әдісі – мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау - анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздік, т.б.жұмыстар.

- көрнекілік әдіс – экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану т.б.

- техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі - демонстрациялық әдіс – экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б, техникалық құралмен жұмыс істеу.

- жаттығу әдісі – ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өз-бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы.

- сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді.

Түсіндіру – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, қазақ тілі сабағында жаңа мәтінді өтер алдында оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндіреді. Сондықтан да, түсіндіру әдісі қазақ тілін үйренуде маңызды болып саналады.

Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету.

Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Оқыту құралдары - білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, оқу кабинеттері, нақты объектілер, өндіріс, құрылыс. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың мақсаты – коммуникативтік, тілдік, мәдени-танымдық біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешуге міндеттіміз. Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгеру мүмкін емес.

Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс топтарында оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру. Қазақ тілі — әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Біздің мақсатымыз өзге ұлт өкілдерін қазақ қылып шығару емес, оларға мемлекеттік тілді түсініп, әдет-ғұрпымызды сыйлап, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра білуге тәрбиелеу. Үйренушіге жалаң сөздермен сөз тіркестерімен жаттанды сөйлеуге қалыптастырмай, үйренген сөздерін сөйлеуде, әңгімелескенде дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.

МАЗМҰНЫ

- *АЙТКОЖИНА ШОЛПАН КАИРКЕШЕВНА*
- *ЭЗДЖАНОВА КАТИРА ОТУЗБАЕВНА*
- *ОРУНХАНОВА ГУЛШАТ ДЖУМАХАНОВНА*
- *СУЛЕЙМЕНОВА УРЗАДА ЕЛЖАНҚЫЗЫ*
- *АБДЫХАЛЫКОВА АРДАК ХАНАЯТОВНА*